

"Әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды жұмыс берушілердің қаражаты есебінен тағайындаудың және төлеудің тәртібі туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 маусымдағы N 731 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1339 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.28. N 1339 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған "Әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды жұмыс берушілердің қаражаты есебінен тағайындаудың және төлеудің тәртібі туралы" Нұсқаулық бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 11 маусымдағы

N 731 қаулысымен

бекітілген

Әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды жұмыс берушілердің қаражаты есебінен тағайындаудың және төлеудің тәртібі туралы Нұсқаулық

Осы Нұсқаулық әлеуметтік жәрдемақыларды жұмыс берушілердің қаражаты есебінен тағайындау және төлеу процесінде қалыптасқан қатынастарды реттейді.

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.07. N 707 қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Жұмыс беруші осы Нұсқаулықта көзделген тәртіппен қызметкерлерге, тиісті жағдайларда олардың отбасы мүшелеріне өз қаражаты есебінен:

жұмысқа уақытша жарамсыздығы бойынша;

жүктілігі және босануы бойынша әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар беруге міндетті.

2. Әлеуметтік жәрдемақылар қызметкерге оның жұмыс істейтін орны бойынша тағайындалады және төленеді. <*>

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.12.04. N 1278 қаулысымен.

3. Жұмыс беруші аталған жәрдемақыларды төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

2. Жұмысқа уақытша жарамсыздығы бойынша жәрдемақылар

4. Жұмысқа уақытша жарамсыздығы бойынша жәрдемақылар науқастануға (жарақаттану), протез салдыруға, жүктілігін жасанды жолмен тоқтатуға, отбасының науқастанып қалған мүшесіне күтім жасауға, карантинге байланысты, туберкулезге немесе кәсіби ауруға шалдығуына байланысты уақытша басқа жұмысқа ауысқан кезде және басқа жағдайларда жұмысқа уақытша жарамсыз болған жағдайда тағайындалады және төленеді.

5. Белгіленген тәртіппен берілген жұмысқа жарамсыздық парағы, ол жоғалған жағдайда оның көшірмесі әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды тағайындауға және төлеуге негіз болып табылады.

6. Жұмысқа уақытша жарамсыздығы бойынша жәрдемақы еңбекке қабілетсіздігі басталған алғашқы күннен бастап еңбекке қабілеті қалпына келген күнге дейін немесе халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі мүгедектігін белгілегенге дейін төленеді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.06.24 N 703 қаулысымен.

7. Жұмысқа уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақылар жұмыс істейтін азаматтарға заңнамаға сәйкес есептелген орташа жалақысы есебінен төленеді. Бұл ретте жұмысқа уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақының мөлшері он айлық есептік көрсеткіш шамасынан аспауы тиіс. <*>

Нақты қызметкердің айлық жәрдемақысының мөлшері оның орташа күндік жалақысын жұмысқа уақытша жарамсыздық парағына сәйкес төленуге жататын күндер санына көбейту жолымен айқындалады.

Егер жұмысқа уақытша жарамсыздық алдыңғы тоқсанда басталып, ағымдағы тоқсанда аяқталатын болса онда жәрдемақы мен оның мөлшерінің айлық шектелуі тоқсанға тиісті есептік көрсеткіш қолданыла отырып, екі бөлініп жүргізіледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.12.04. N 1278 қаулысымен.

8. Қызметкер жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысында болған кезінде жұмысқа уақытша жарамсыздығы жағдайында жұмысқа уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы еңбек демалысына дәл келген күндер үшін есептелмейді. Егер қызметкердің жұмысқа уақытша жарамсыздығы демалыс аяқталғаннан кейін де жалғасса, онда жәрдемақы қызметкер жұмысқа кірісуге тиісті күннен бастап есептеледі. <*>

Жұмысқа уақытша жарамсыздық басталған жағдайда жалақы төленбейтін демалыс кезеңінде жәрдемақы төленбейді. Егер жұмысқа жарамсыздық жалақы төленбейтін демалыс аяқталғаннан кейін де жалғасса, онда жәрдемақы қызметкер жұмысқа кірісуге тиіс күннен бастап беріледі.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.12.04. N 1278 қаулысымен.

9. Жұмыс істейтін Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектері мен соларға теңестірілген адамдарға уақытша жұмысқа жарамсыздық бойынша жәрдемақы еңбекке қабілетін жоғалтқан алғашқы күннен бастап орташа айлық жалақысының жүз проценті мөлшерінде төленеді. <*>

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.12.04. N 1278 қаулысымен.

10. Қызметкердің еңбекте мертігуіне немесе кәсіби науқастануына байланысты жұмысқа уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақыны жұмыс беруші еңбекке жарамсыздық басталған күннен бастап жұмысқа шыққанға немесе мүгедектігі белгіленгенге дейін орташа жалақысының жүз проценті мөлшерінде төлейді.

11. Қызметкерді протез-ортопедия ұйымының стационарына жатқызған жағдайда жәрдемақы оның стационарда болған барлық уақытына және стационарға бару-қайту уақытына, бірақ 30 күнтізбелік күннен аспайтын уақытқа беріледі.

12. Отбасының науқастанып қалған мүшесіне күтім жасау үшін демалыста болған кезде, егер науқастанған адамға күтім жасамау оның өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін болса және айғақтамасы бойынша науқасты ауруханаға жатқызу мүмкін болмаса, ал отбасы мүшелері арасында оған күтім жасай алатын адам табылмаса, жәрдемақы жалпы негіздерде беріледі.

13. 2 жасқа дейінгі бала науқастанып қалған жағдайда апасына жәрдемақы отбасының сырқаттанған балаға күтім жасай алатын басқа мүшесі бары-жоғына қарамастан беріледі.

14. Кезекті немесе қосымша демалыста, жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген жұмысшыға немесе қызметшіге отбасының науқастанып қалған мүшесіне күтім жасау бойынша жәрдемақы берілмейді.

15. Қызметкерді жұмысқа қайта алған жағдайда босатылуының дұрыстығы туралы даудың кезіндегі оның жұмысқа уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақысы оны алуға құқығы пайда болған бірінші күннен бастап төленеді.

16. Әскери жаттығу немесе тексеруге жинау, не оқу орындарында өндірістен қол үзбей оқуға байланысты берілген қосымша демалыс кезінде жұмысқа уақытша жарамсыздық пайда болған жағдайда, жұмысқа уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақы, жұмысқа уақытша жарамсыздық басталған алғашқы күннен бастап жоғарыда аталған кезең аяқталғанға дейін төленеді.

17. Қызметкер қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жұмыстан (лауазымнан) шығарылған кезде жұмысқа уақытша жарамсыздық пайда болған жағдайда жәрдемақы төленбейді. Егер жұмысқа уақытша жарамсыздық жұмысқа жіберілгеннен кейін де жалғасатын болса, жәрдемақы еңбекке қабілетінен айрылған алғашқы күннен бастап төленеді.

18. Қызметкерлерді заңдарда белгіленген жағдайларда ұдайы медициналық тексеруден өткізу уақыты үшін жәрдемақылар төленбейді.

18-1. Дипломатиялық қызметтің персоналы шетелде болған кезеңінде науқастанған жағдайда уақытша еңбекке жарамсыздығы жөнінде:

1) ұлттық валютада - науқастанған барлық уақыты ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде;

2) шетелдік валютада - шетелдік валютадағы орташа айлық жалақысының есебінен, бірақ екі айдан артық емес мерзімге жәрдемақы алады.

Егер ауруы екі айдан артыққа созылса және денсаулығының жағдайы бойынша науқас Қазақстан Республикасына жол жүре алмаса (көлік қиындығын көтере алмаса), онда уақытша еңбекке жарамсыздығы жөніндегі жәрдемақы шетелдік валютада, оның емдеу мекемесінде болған барлық уақыты үшін, Қазақстан Республикасына эвакуациялау мүмкіндігі туралы дәрігерлердің шешімі шыққанға дейін төленеді.

Ескерту. 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.01.06. N 23 қаулысымен.

19. Жұмысқа уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақылар: жұмысқа уақытша жарамсыздығы қылмыс жасаған кезде алған жарақаттың салдарынан болған қызметкерлерге;

қызметкердің соттың шешімімен мәжбүрлі емделу уақытына (жүйке ауруларынан басқа);

қызметкердің кінәсі анықталған жағдайда, оның тұтқында отырған уақытына және сот-медициналық сараптау уақытына;

қызметкердің алкогольді, есірткіні және уытты заттарды пайдалануы салдарынан болған ауруына немесе жарақатына байланысты жұмысқа уақытша жарамсыздығына төленбейді.

3. Жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақылар

20. Жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақылар, сондай-ақ тікелей перзентханадан бала асырап алған әйелдерге (еркектерге) жәрдемақылар жүктілігі және босануы бойынша демалыстың немесе бала асырап алған күннен бастап бала туған күннен алпыс алты күн өткенге дейінгі демалыстың барлық кезеңіне заңнамаға сәйкес есептелген орташа жалақысы мөлшерінде төленеді. <*>

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.12.04. N 1278 қаулысымен.

21. Жұмыс істейтін әйелдерге жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақылар бүкіл демалыс уақытына төленеді. Жүктілігіне және босануына байланысты демалыс күндері босанудан кейінгі күндерге қосылып 126 күнтізбелік күнді құрайды және жәрдемақылар бір жолға төленеді. Босануы қиын болған немесе бірден екі және одан да көп бала туған жағдайда жәрдемақылар 140 күнтізбелік күнге төленеді.

Ядролық сынақтардың әсеріне ұшыраған аумақтарда тұратын әйелдерге жүктілігі және босануы бойынша әлеуметтік жәрдемақылар қалыпты босанғанда 170 күнтізбелік күн үшін, ал босануы ауыр болғанда немесе екі және одан да көп бала туғанда 184 күнтізбелік күн үшін төленеді. <*>

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.12.04. N 1278 қаулысымен.

22. Бала үш жасқа толғанша оған күтім жасау үшін жалақысы сақталмайтын демалыста болып, осы кезең ішінде жұмысқа шықпай босанып қалған әйелдерге жәрдемақылар, төленбейді. Егер жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақылар алу құқығы балаға үш жасқа толғанша күтім жасау демалысы кезінде туындайтын болса, жәрдемақылар жалақысы сақталмайтын демалыс біткен алғашқы күннен бастап төленеді. <*>

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.12.04. N 1278, 2005.07.07. N 707 қаулыларымен.

23. Қамауда болған уақытқа, сот-медициналық сараптан өту уақытына, сондай-ақ соттың айқындауы бойынша мәжбүрлі емдеу уақытына (жүйке ауруларынан басқа) жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақылар төленбейді.

24. Жұмысқа қайта алынған жағдайда жұмыстан босатудың дұрыстығы туралы дау кезіндегі, жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақылар жәрдемақы алу құқығы пайда болған күннен бастап төленеді.

4. Әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды жұмыс берушінің қаражаты есебінен тағайындаудың және төлеудің тәртібі

25. Әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар оларды алу құқығы пайда болған күннен бастап және жұмысқа уақытша жарамсыздық, жүктілік және босану фактілерін куәландыратын тиісті құжаттардың тапсырылуы бойынша тағайындалады.

26. Негізгі жұмыс орнындағы жалақысы толық немесе ішінара сақтала отырып басқа ұйымда жұмыс істеу үшін жіберілген қызметкерлерге осы кезеңде туындаған, жұмысқа уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақы, аталған жұмысқа ауыстырылғанға дейінгі заңнамаға сәйкес есептелген орташа жалақысы есебінен төленеді. Әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды төлеу негізгі жұмыс орны бойынша жүргізіледі. <*>

Маусымдық жұмыс істейтін қызметкерлерге, үй шаруасымен айналысатындар мен үйге жұмыс алып істейтін қызметкерлерге жұмысқа уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы, егер жеке еңбек шартында өзгеше айтылмаса, осы нұсқаулыққа сәйкес тағайындалады және төленеді. < * >

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.12.04. N 1278 қаулысымен.

27. Кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру курсының тыңдаушыларына жұмысқа уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақы, егер оларды курсқа ұйым жіберген болса және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақы тағайындалатын және төленетін олардың жалақысы сақталған болса, жұмыс орны бойынша төленеді.

28. Өндірістік практика кезінде ақылы жұмыс орындарына немесе лауазымдарға алынған жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттеріне, колледждердің, жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына практика кезіндегі жұмысқа уақытша жарамсыздық күндері немесе жүктілігі және босануы бойынша демалыс үшін әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар практикадан өтіп жүрген жері бойынша төленеді.

29. Қызметкердің еңбекте мертігуі немесе кәсіби науқастануы салдарынан жұмысқа уақытша жарамсыздық пайда болған кезде жәрдемақы қызметкердің өндірісте мертігуі немесе денсаулығына өзгедей зақым келуі туралы актісі болған жағдайда тағайындалады.

30. Қызметкерлер жұмысқа уақытша жарамсыздық парағын жұмысқа жарамсыздығы біткесін жұмысқа шыққан күні жұмыс берушіге тапсырады. Жұмысқа уақытша жарамсыздық парағы жұмысқа жарамсыздық жалғаса беретін жағдайда да төлеуге тапсырылуы мүмкін.

Жұмыс беруші жұмысқа жарамсыздық парағының бөлімдеріне қажетті белгілер қояды.

31. Жәрдемақы төлеу үшін тапсырылған жұмысқа жарамсыздық парағы мен басқа да құжаттар ұйымның бухгалтериясында ақша құжаттарымен бірдей сақталады.

32. Әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар жалақы төлеу үшін белгіленген мерзімдерде төленеді.

33. Қызметкердің қайтыс болуы себебінен алынбаған жәрдемақылар отбасының бірге тұратын мүшелеріне, не марқұмның асырауындағы адамдарға, олар болмаған жағдайда жерлеуді өз міндетіне алған адамдарға төленеді.

34. Әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар сенімхат бойынша не қызметкердің өтініші бойынша оның есепшотына аударылуы мүмкін.

35. Ұйымның бас (аға) есепшісі әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар төлеуге арналған қаражаттың дұрыс жұмсалуды үшін жауаптылықта болады.